



Азия-Тынық мұхиты аймағы саудасы жөніндегі түйіндер

Қазақстан

Тауар айналымы: Қазақстан экономикасы отын экспортына аса тәуелді. 2014 жылы мұнай және мұнай өнімдері жалпы экспорттың 70%-на жуығын құраған. Қазақстан экономикасы мен экспорт нарығы жаһандық отын бағаларына ерекше сезімтал. 2014 жылы тауарлар экспорты 2010 және 2014 жылдардағы 6,9% орташа жылдық өсіммен салыстырғанда 7,6%-ға шұғыл қысқарды. Қазақстанның мұнайды Қытай мен Ресей Федерациясына экспорттауынан тәуелділігін ескере отырып, бұл төмендеу көрсеткіші Қытайдың экономикалық бәсеңдеуі мен төмендеген импорт сұранысы, Ресей Федерациясының қаржы дағдарысы мен экономикалық санкциялары, және жаһандық шикізат бағалары, әсіресе отынға, төмендеуі нәтижесінде болуы мүмкін. Қазақстанның тауарлар импорты да 2014 жылы 15,6%-ға шұғыл қысқарды. Бұл төмендеуге әкелген басты факторлардың арасында шикізат бағаларының төмендеуін және экспорт түсімдері мен тұтыну қабілетін төмендеткен Қазақстан теңгесінің кейінгі құнсыздануы бар. Импорттың жартысынан астамы (62,9%) Ресей Федерациясы мен Қытайдан келеді.

Қызметтер нарығы: Қазақстанның қызметтер экспорты 2014 жылы 24,0%-ға өсті – бұл Азия және Тынық мұхиты аймағының 4,8%-на қарағанда бес есе артық. Бұл, бір жағынан, экспорттың бәсекелестігін нығайтқан және көлік, бизнес, телекоммуникациялар және құрылыс қызметтері секілді секторларды дамыту арқылы кен өндіру өнеркәсіптерінен аса тәуелдікті қысқартуға бағытталған, мемлекеттің амбициялық бастамаларына алып келген Қазақстан теңгесінің құнсыздануынан болған. Қызметтер импорты 5,0%-ға өсті, бұл әсіресе ең ірі секторлардың бірі саналатын бизнес және сапарлар қызметтерінің импортының өсуімен байланысты.


Жаһандық өндірістік-өткізу тізбектері (ЖӨӨТ): ЖӨӨТ-ға қатысу уәкілдігі болып саналатын аралық тауалардың саудадағы импорт үшін үлесі Қазақстанда Азия-Тынық мұхиты аймағына (22%) қарағанда біршама төмен - 17%, және экспорт үшін Азия-Тынық мұхиты аймағымен салыстырғанда (18%) сәл төмен – 17%. Қазақстанның ЖӨӨТ-ге қатысуы салыстырмалы төмен: бұл экспорттың табыстарын импортталған дайын өнімдерді сатып алуға жұмсалатын шикізат материалдарының – көбінесе отын – басымдылығымен байланысты.

Тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ): Қазақстанға ТШИ келуі 2014 жылы -6,4%-ға қысқарды – бұл Азия және Тынық мұхиты аймағындағы ең нашар көрсеткіш (-1,5% қысқарумен салыстырғанда). Қазақстан 2015 жылы Біртұтас экономикалық кеңістікке интеграциялану үдерісін жалғастырып, жақында Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып қабылданды. Бұл ұзақ мерзімде қосымша инвестицияларға алып келуі керек.

Сауда шығындары: Қазақстандағы ішкі аймақтық сауда шығындары 2009 жылдан әрі шұғыл төмендеді. Азия және Тынық мұхиты аймағы мемлекеттері үшін Шығыс Азия-3 (Қытай, Жапония және Корей Республикасы) – ішкі аймақтық бенчмарк – және ЕО-3 (Франция, Германия және Ұлыбритания) – сыртқы аймақтық бенчмарк – мемлекеттеріне қарағанда сауда жүргізу шығындырақ. Біріккен Ұлттар Ұйымы Аймақтық Комиссияларының 2015 жылы өткізген сауалына сәйкес, Қазақстанның сауда тәртіптерін жеңілдету мен қағазсыз сауданы іске асыру көрсеткіші 38,7%-ға тең, оған қарағанда Азия және Тынық мұхиты аймағындағы бұл көрсеткіш 46,5%-ға тең.

Сауда шарттары: Қазақстанның күшіне енген 12 сауда шарты бар, бұл орташа Азия-Тынық мұхиты көрсеткішінен – 7 шарт – біршама жоғары. Экспорттың 17%-ы пұрсаттылықты сауда аймақ әріптестеріне бағытталады, Азия-Тынық мұхиты аймағының 35%-на қарағанда. Импорттың 45%-ы пұрсаттылықты сауда аймағы әріптестерінен келеді – Азия-Тынық мұхиты аймағының 45%-мен салыстырғанда.

Сурет 1: Негізгі сауда және инвестиция көрсеткіштері



*Country notes summarising results of the UNRC Survey 2015 are available at: <http://unnext.unescap.org/UNTFSurvey2015.asp>

Figure 2. Top merchandise markets




Figure 3. Top merchandise products




Figure 4. Trade in goods by their use




Figure 5. Foreign direct investment





Figure 6. Trade costs



预览已结束，完整报告链接和二维码如下：

https://www.yunbaogao.cn/report/index/report?reportId=5_3943

